

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім
бөлімінің «Аягүл» бөбекжай-балабақшасы МКҚК**

Хаттама №2

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Сатылғанова Арайлым Бегімжанқызы

Хатшы:Елемесова Қаламқас Айдарханқызы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, педагог-психолог, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, медбике.

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Баракераждық комиссиямен бірлескен түрде балабақша асханасының тағамдарының сапасын тексеру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике А.Жұмамұратовамен бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азақ-түліктің сақталуын бақылады. Асханадағы ас дайындайтын аймақтарымен, әдіс-тәсілімен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның күзгі, қысқы 10 күндік ас-мәзірінің-калькуляциямен танысты.

Тыңдалды: А.Жұмамұратова ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар жалпы аурулардың алдын алу шаралар атап айтқанда ,дәруменді терапия С дәрумені кальциймен көктем-күз айларында берілсе, қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Ата-аналар үшін жадынамалар топтар ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді.

Шалтаева Арайлым Ахметбекқызы балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық –түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын деді.

Бералиева Жанерке Сейтмұратқызы жалпы балабақшада тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін , бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды.

1. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде балабақша асханасының тағамдарын, сапасын тексеру.
2. Алдын алу жұмыстарын жүргізу арқылы әр түрлі жағдайлар сақталсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің отырысының хаттамасы балабақша сайытына орналастырылсын.

Балабақша меңгерушісі м.у.а
Хатшы:



К.Муслимова
Қ.Елемесова